

Майларды алу мақсатымен қарапайым вариантында гидрокрекингте фракция өнімінің керекті тұтқырлықты ары қарай бөлінуімен реакциялық ауданға бір рет шикізатты өткізуі арқылы іске асырады. Майды алу үшін өнімді айдайды және мақсатты фракцияларды депарафиндейді. Депарафиндегенде май қосымша өңделуі мүмкін, мысалы жұмсақ жағдайда гидротазалау немесе суық фазадағы адсорбциялық жолымен. Бұл жағдайда майдың термототықтырғыштығы және химиялық тұрақтылығы, сонымен қатар оның түсі жақсарады.


3.4.7. Гидродеалкилдеу

Маңызды ароматты көмірсутектер - бензол және нафталин кең мөлшерде мұнай өнімдерін гидродеалкилдеумен өндіреді.

Бензолдың басым көпшілігін, негізінен, толуолдан алады, шамасы жоғары қайнайтын моноциклдік ароматты көмірсутектерді гидродеалкилдегенде сутектің шығыны күрт өседі.

Нафталинді алудың шикізаты қызметін, негізінен, бициклді ароматты көмірсутектерді құрайтын каталитикалық крекинг және каталитикалық риформинг өнімдерінен бөлінген жоғары ароматты фракциялар атқарады.

Гидроалкилдеу жағдайларында көптеген реакциялар өтеді, басым көпшілігі – күшті экзотермиялық реакциялар. Маңызды реакция - ароматты сақинадан бүйірлері алкилді тізбекті үзу, мысалы:



Өнеркәсіпте гидроалкилдеудің екі әдісін қолданады: каталитикалық және термиялық.

Каталитикалық гидроалкилдеу. Әр түрлі катализаторлар қолданыс табады: кремнеземдегі және алюмосиликаттағы никель, никельхромды, алюмосиликатты, алюмомолибденді және т.б. Толуолды каталитикалық гидроалкилдеудің өнеркәсіптік қондырғысының сұлбасы 29- суретте келтірілген.

Жоғары қысымды газсепаратор 5 қарапайым бірсатылы абсорбер болып табылады. Аппараттың жоғарғы аймағына төмен